

**2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша
Ұлттық дене шынықтыру ғылыми-тәжірибелік орталығының
оқу-әдістемелік қамтамасыз ету зертханасының қызметі жөнінде
ЕСЕП**

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚЫЗМЕТ**

1. Әзірленді:

- 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бастауыш, негізгі орта білім беру мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жетістіктерін критериалды бағалау қағидаларының жобасы (қаз., орыс тілд.);

- дене шынықтыру бойынша Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, теориялық және практикалық тапсырмаларды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар, 5-6, 7-8 сынып оқушыларына арналған тест тапсырмалары;

- «2025-2026 оқу жылына арналған орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат жобасының «Дене шынықтыру» білім беру саласы бөлімі (қаз., орыс тілд.);

2. ПББ шеңберінде «Дене шынықтыру» пәні бойынша педагогтерді тест тапсырмаларын тапсыруға сапалы дайындау мақсатында мыналар әзірленуде:

- «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша тест тапсырмаларының техникалық ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелік ұсынымдар (қазақ, орыс тілдері);

- негізгі тест тапсырмаларын түсіндіретін оқыту бейне-роликтері (қазақша, орысша);

- дене шынықтыру және спорт бойынша қысқаша терминологиялық сөздік (қазақша, орысша);

3. Ұйымдастырылды және өткізілді:

- Орталықтың оқу-әдістемелік кеңесінің 2 отырысы (3 сәуір, 8 мамыр);

- ШҚО және Жетісу облыстарының (2025 жылғы 9 сәуір), Абай облысының және Ұлытау облысының (2025 жылғы 6 мамыр) өңірлік орталықтарының басшыларымен және ДШ әдіскерлерімен онлайн-режимде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесін зерделеу бойынша семинар-кеңестер;

5-8 сынып оқушылары арасында дене шынықтыру пәнінен Республикалық пәндік олимпиада (2025 ж. 28 мамыр - маусым, Талдықорған қ., №28 және №29 ЖББОМ). Еліміздің 10 өңірінен барлығы 180 оқушы қатысты (2024 жылы 170 адам қатысты). Жарыс ұлдар мен қыздар арасында екі жас тобында (5-6 сыныптар және 7-8 сыныптар) өткізілді. Қатысушылар өздерінің білімдері

мен дағдыларын екі негізгі бағытта көрсетті: практикалық бөлім (спорттық ойындар мен жеңіл атлетикадан жарыстар) және теориялық бөлім (тест тапсырмаларын орындау) дене шынықтыру бойынша оқу бағдарламасы аясында.

Теориялық және практикалық тапсырмаларды орындау қорытындысы бойынша:

5-6 сыныптар арасында: 1 орын – Жетісу облысы, 2 орын – Алматы қ., 3 орын – Қарағанды облысы.

7-8 сыныптар арасында: 1 орын – Жетісу облысы, 2 орын – Солтүстік Қазақстан облысы, 3 орын – Абай ауданы жеңімпаз бен жүлдегерлер атанды.

Жекелей сында да чемпиондар мен жүлдегерлер анықталды:

5–6 сыныптар бойынша:

1-орын – Бағланқызы Мариям (Жетісу облысы), Баранчик Давид (Алматы облысы); 2-орын – Ибрагим Байжан (Жамбыл облысы), Постригань Ева (Алматы қаласы); 3-орын – Анищенко Мария (Қарағанды облысы), Майборода Артём (Астана қаласы).

7–8 сыныптар бойынша:

1-орын – Зубрицкая Кира (Маңғыстау облысы), Цой Николай (Жетісу облысы); 2-орын – Жүнісов Жарқын (Астана қаласы), Привалова Екатерина (Солтүстік Қазақстан облысы); 3-орын – Кахан Карина (Жамбыл облысы), Нүгумет Ислам (Абай облысы).

- Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетімен және Корея спорт ғылымы институтымен (Корея Республикасы) бірлесіп Халықаралық жазғы мектеп (2025 жылғы 12-15 маусым аралығында Астана қ., Щучинск);

Жазғы мектеп жұмысына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің, Астана қаласы білім басқармасының, Астана қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада және Паралимпиада комитеттерінің, Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорттық даярлау орталығының, сондай-ақ барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының әкімшілік-басқару корпусының өкілдері, «Дене шынықтыру» пәнінің педагогтері мен әдіскерлері, дене шынықтыру және спорт бойынша бейінді кафедралар мен бейінді жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, спорттық медицина, Бейімделген дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандар қатысты.

- Қатысушылар саны 100-ден астам адамды құрады.

Астана қаласындағы Жазғы мектептің 2 күндік жұмысы барысында (12-13 маусым) бағдарламаға сәйкес «Оңтүстік Кореядағы мектептегі дене тәрбиесі саясаты және жастардың физикалық дайындығын бағалау», «Заманауи технологиялар негізінде балалармен және ата-аналармен дене шынықтыру-

сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру», «Оңтүстік Корея дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби қызметі», «Мектептегі білім беру жүйесіндегі балалар спортын дамыту», «Оқу ресурстарын пайдалану және семинарлар өткізу» және т.б. тақырыптарда дәрістер тыңдалды». Сонымен қатар, пікірталас және пікір алмасу барысында дене шынықтыру саласындағы өзекті мәселелерге қатысты, атап айтқанда, «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыру процесі, сыныптан тыс сабақтар өткізу, педагогтердің біліктілігін арттырудағы инновациялық тәсілдер, мониторингтік зерттеулер жүргізу және т.б. мәселелер талқыланды.

2025 жылғы 14 және 15 маусымда практикалық бөлім Щучинск қаласындағы қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық дайындық орталығында жалғасты. Корей спорт ғылымы институтының ғалымдары мен практиктері өткізген шеберлік сабақтарының топтамасы жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру пәнін оқытудың қолданбалы аспектілеріне және тәжірибе алмасуға бағытталды. Шеберлік сабақтары келесі спорт түрлері: волейбол, баскетбол, футбол және жеңіл атлетика бойынша ұсынылды. Қатысушылар облыстың «Балдәурен» балалар орталығы мен «IQanat» мектебі сияқты заманауи білім беру ұйымдарында болып, интеграцияланған білім беру ортасында дене тәрбиесін ұйымдастыру тәжірибесімен танысты.

Жазғы мектеп жұмысының қорытындысы бойынша қатысушыларға халықаралық сертификаттар мен көрнекіліктер берілді.